

Бекітілді:

«Балдырған»бөбекжай бақшасы»МКҚК

меңгерушісі А.К.Бисебаева



## 2.2 Әдістемелік кеңестер

### Мақсаты:

Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, тәжірибе алмасу алаңын құру, инновациялық технологияларды енгізу, «Адал азамат» бағдарламасын жүзеге асыру арқылы балалардың бойына адалдық, әділдік, сенімділік, еңбекқорлық құндылықтарын сіңіру.

| Айы      | Тақырыбы                                                                                                 | Мақсаты                                                                                                                                                                                                   | Формасы                                      |
|----------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|
| Қыркүйек | Жаңа оқу жылындағы әдістемелік бірлестіктің міндеттері                                                   | Әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту; тәрбиешілерді жаңа нормативтік құжаттармен таныстыру.                                                                                           | Дөңгелек үстел                               |
| Қараша   | Адалдық – тәрбие негізі                                                                                  | «Адал азамат» бағдарламасы аясында балаларға адалдық қасиетін дарытуға арналған әдістемелік ұсыныстар мен ойын түрлерін талқылау.                                                                         | Шығармашылық шеберхана, әдістемелік көрме    |
| Қаңтар   | Экологиялық бағыттағы инновациялық технологиялар – мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыру құралы | «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы аясында заманауи экологиялық-педагогикалық технологияларды тәжірибеге енгізу арқылы балалардың табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру, тиімді әдіс-тәсілдерді талдау. | Тәжірибе алмасу, ашық сабақтарды талдау      |
| Наурыз   | Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу                                                                      | Қазақ халқының салт-дәстүрін, мәдениетін балабақшадағы оқу-тәрбие процесіне енгізу тәжірибесін жетілдіру.                                                                                                 | Шеберлік сыныбы, тәрбиешілердің баяндамалары |
| Мамыр    | Әдістемелік бірлестіктің жылдық қорытындысы                                                              | Жыл бойы атқарылған жұмыстарды сараптау, педагогтердің жетістіктерін көрсету, келесі оқу жылына ұсыныстар енгізу.                                                                                         | Шығармашылық есеп, көрме, пікірталас         |



## Хаттама №1

### Әдістемелік отырыс хаттамасы

Өткізілген күні: «16» қыркүйек 2025 ж.

Өткізілген орны: «Балдырған»бөбекжай-бақшасы МКҚК

Қатысқандар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Қатыспағандар: жоқ

### Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылына арналған балабақшадағы әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттары.
2. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.
3. Тәрбие-білім беру үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.
4. Өртүрлі мәселелер.

### Тыңдалды:

1. Әдіскер Усенгалиева Акбота Елемесовна сөз сөйлеп, жаңа оқу жылында балабақшада жүргізілетін әдістемелік жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін таныстырды.  
Ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, тәрбиешілердің кәсіби шеберлігін арттыру басты міндеттер екенін атап өтті.

### Сөйлегендер:

Тәрбиешілер : Г.Е Жолбаева , А.Г Байманова


(оқу-тәрбие үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізу, тәжірибе алмасу туралы ұсыныстарын білдірді)

### Шешімдер:

1. Балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру мақсатында семинарлар, тренингтер, ашық оқу іс-әрекеттері ұйымдастырылсын.
3. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдер оқу-тәрбие үдерісіне енгізілсін.
4. Әдістемелік жұмыстың орындалуы әдіскердің бақылауында болсын.

Төрайым:

Хатшы:



А.Е Усенгалиева

Г.Д Абдрахманова



## Хаттама №2

### Әдістемелік отырыс хаттамасы

**Өткізілген күні:** «12» қараша 2025 ж.

**Өткізілген орны:** «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Қатысқандар:** әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

**Қатыспағандар:** жоқ

### Күн тәртібі:

1. Балабақшада адалдық құндылығын қалыптастырудың маңызы.
2. Балаларға адалдықты үйретуде қолданылатын әдіс-тәсілдер.
3. Тәрбиешілердің тәжірибе алмасуы.
4. Өртүрлі мәселелер.

### Тыңдалды:

1. Әдіскер Ақбота Елемесқызы «Адалдық – тәрбие негізі» тақырыбында баяндама жасады.  
Баяндамада мектепке дейінгі жаста балалардың бойына адалдық, шыншылдық, әділдік сияқты адамгершілік қасиеттерді ерте жастан қалыптастырудың маңызы айтылды. Сонымен қатар күнделікті оқу-тәрбие үдерісінде, ойын, ертегі, жағдаяттық тапсырмалар арқылы адалдыққа тәрбиелеу жолдары қарастырылды.

### Педагогтар:

Тәрбиешілер : А.Г Абдрахманова , Д.Д Қазыбаева , М.А Ажибаева  
(балалармен жүргізілетін әңгімелер, рөлдік ойындар, көркем әдебиет арқылы адалдыққа тәрбиелеу бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті)

### Шешімдер:

1. Балабақшадағы тәрбие жұмысына «Адалдық – тәрбие негізі» бағыты жүйелі түрде енгізілсін.
2. Адалдық құндылығын қалыптастыру мақсатында әңгіме, ойын, ертегі, көрнекілік материалдар кеңінен қолданылсын.
3. Ата-аналармен бірлескен жұмыстар (әңгімелесу, кеңес беру) ұйымдастырылсын.
4. Тәрбие жұмыстарының орындалуы әдіскердің бақылауында болсын.

Төрайым:

Хатшы:

А.Е. Усенгалиева  
Г.Д. Абдрахманова



## Хаттама №3

### Әдістемелік отырыс хаттамасы

Өткізілген күні: «27» қаңтар 2026 ж.

Өткізілген орны: «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

Қатысқандар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

Қатыспағандар: жоқ

### Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымында экологиялық тәрбиенің маңызы.
2. Экологиялық бағыттағы инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану жолдары.
3. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастырудағы тиімді әдіс-тәсілдер.
4. Тәжірибе алмасу және әртүрлі мәселелер.

### Тындалды:


1. Әдіскер Ақбота Елемесқызы тақырып бойынша баяндама жасап, мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие берудің өзектілігін атап өтті. Баяндамада экологиялық бағыттағы инновациялық технологиялар (жобалау әдісі, зерттеу әрекеті, тәжірибелік жұмыстар, STEM элементтері, жасыл орта құру) арқылы балалардың танымдық қызығушылығын арттыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру жолдары айтылды.

### Педагогтар:

Тәрбиешілер : С.Б Баймуханова , Н.О Мұкатаева , Г.Д Абдрахманова  
(экологиялық жобалар, тәжірибелер, бақылау жұмыстары, серуен кезіндегі экологиялық іс-әрекеттер бойынша өз тәжірибелерімен бөлісті)

### Қаулы етті:

1. Балабақшаның оқу тәрбие үдерісіне экологиялық бағыттағы инновациялық технологиялар жүйелі түрде енгізілсін.
2. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, экологиялық жобалар мен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылсын.
3. Табиғатты қорғау, күтуге бағытталған іс-әрекеттер (бөлме өсімдіктерін күту, экобұрыш ұйымдастыру) күшейтілсін.
4. Экологиялық бағыттағы жұмыстардың орындалуы әдіскердің бақылауында болсын.

Төрайым:  А.Е. Усенгалиева  
Хатшы:  Г.Д. Абдрахманова



## Хаттама №4

### Әдістемелік отырыс хаттамасы

**Өткізілген күні:** «12» наурыз 2026 ж.

**Өткізілген орны:** «Балдырған» бөбекжай-бақшасы МКҚК

**Қатысқандар:** әдіскер, тәрбиешілер, мамандар

**Қатыспағандар:** жоқ

#### **Күн тәртібі:**

Тақырыбы: Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу

Тыңдалды:

Күн тәртібі бойынша сөз сөйлеген әдіскер А.Е. Ұсенғалиева ұлттық құндылықтар – ұрпақ тәрбиесінің негізі екенін атап өтті. Бала бойына ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды сіңіру – мектепке дейінгі ұйымның басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды.

Сонымен қатар, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, ертегілер, дәстүрлі мерекелер арқылы балалардың ой-өрісін кеңейтіп, рухани дамуына ықпал ету жолдары қарастырылды.

Тәрбиешілер өз тәжірибелерімен бөлісіп, оқу іс-әрекеттерінде ұлттық элементтерді қолдану тәсілдерін ұсынды.

#### **Сөз сөйлегендер:**

1. А.Т. Дабылова – ұлттық ойындарды қолданудың маңызы туралы баяндады.
2. А.Г. Байманова – салт-дәстүрлерді күнделікті тәрбие жұмысына енгізу жолдарын ұсынды.

#### **Қаулы етілді:**

1. Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында оқу-тәрбие процесінде жүйелі түрде қолдану.
2. Әр топта ұлттық бұрыштар ұйымдастыру.
3. Ұлттық ойындар мен дәстүрлерге байланысты іс-шараларды көбейту.
4. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды күшейту.

Төрайым:  А.Е. Ұсенғалиева

Хатшы:  Г.Д. Абдрахманова